

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ВНУТРЕННИХ ДЕЛ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электрондық мекенжай: kense@mvd.gov.kz
20 ____ ж. ____ № _____

010000, город Астана
проспект Тәуелсіздік, 1
тел.: 8 (7172) 72 22 31
электронный адрес: kense@mvd.gov.kz

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2024 жылғы 28 наурыздағы шығыс ДС-139 хатына

Құрметті депутаттар!

Ішкі істер министрлігі өз құзыреті шегінде Астана қаласында тұрғын үй мәселесіне қатысты жолдаған депутаттық сауалды қарады.

Сауалда көрсетілгендей, «ASTANA CITY STROY» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі-ЖШС) директоры Е. Гладков «Оазис-Астана» ЖШС директоры Д. Горленкомен бірлесіп, «Оазис» көпқабатты тұрғын үй кешенін тұрғызу барысында үлескерлермен жасалған келісімшарт талаптарын орындамағаны, тұрғын үй кешенін уақытында өткізбегені үшін 2023 жылғы 31 шілдеде Астана қаласының ПД ҚК-тің 190-бабы 4-бөлігімен (алаяқтық) қылмыстық іс тіркеп, тергеу толықтығын қамтамасыз ету мақсатында аудиторлық тексеріс және сот құрылыс сараптамасын тағайындады.

Аталған сараптама қорытындылары негізінде күдіктілер Е. Гладков пен Д. Горленконың әрекеттеріне құқықтық баға беріліп, іс бойынша заңды процестік шешім қабылданады.

Өзінше билік ету және сот шешімін орындамауы бойынша «Успешный дом» тұрғын үй кооперативінің басшысы Б. Қоржынбаеваға қатысты тіркелген қылмыстық істерге тергеу жүргізіліп, нәтижесінде қылмыс құрамы жоқ деген негізде қысқарту туралы шешім қабылдаған.

Қабылданған шешімдер қадағалаушы прокурорлармен тексеріліп, бекітілді.

Сонымен қатар, «Азия Плюс» тұрғын үй кешенінің автотұрағында 2024 жылғы 16 наурызда Р. Құлтайдың кәмелетке толмаған жәбірленушіге азғындық жасау фактісі бойынша Астана қаласы Алматы аудандық ПБ ҚК-тің 124-бабы 1-бөлігімен (*жас балаларды азғындық жолға түсіру*) қылмыстық іс тіркеліп, қазіргі кезде қажетті сот сараптамалары тағайындалды және тергеу амалдары жүргізілуде.

Нәтижесімен Р. Құлтайдың әрекетіне құқытық баға беріле отырып, іс бойынша заңды процестік шешім қабылданады.

Аталған тұрғын үй кешенінің аумағында орын алған жол көлік оқиғасы фактісін осы бөлініс Арыздарды тіркеу кітабына (*бұдан әрі-АЕК*) тіркеп, оқиғаның мән-жайын анықтауға бағытталған тексеру жұмыстарын жүргізуде.

Тексеріс барысында тараптардың көрсеткен уәждері толық тексеріледі және заңды процестік шешім қабылданады.

«Азия Плюс» тұрғын үй кешенін тұрғызу кезінде «Строй проект» ЖШС-нің келісімшарт талаптарын толық орындамағаны үшін ағымдағы жылғы 1 сәуірде Астана қаласы Алматы аудандық ПБ-мен АЕК тіркеуге алынды және құжаттар Астана қаласының Әкімдігіне жолданды.

Құрметпен,

**Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі**

Е. Саденов